

*Жаңа түскен басылымдардың
виртуалды көрмесі*

№10, 2019


*Виртуальная выставка
новых поступлений
научных изданий*



Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауы. Ақпараттық- сараптамалық материалдар / Жалпы ред. З.К. Шаукенова. - Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2018. - 192 б.


Кітап Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауына арналған.

Басылымда жаңғыру үдерістерінің аясында жүзеге асырылып отырған Жолдаудың алты негізгі бағыты талданды. Мемлекет басшысы Жолдауының негізгі аспектілерін практикалық іске асыруға көп көңіл бөлінеді: халықтың кірісін ұлғайту, өмір сүру сапасын жақсарту, жайлы өмір ортасын қамтамасыз ету; мемлекеттік органдардың тиімділігін арттыру, Қазақстанның әлем елдерімен сыртқы саясаттағы теңдестірілген өзара іс-қимылын қамтамасыз ету, азаматтардың жүргізіліп жатқан реформаларға қатысуын қамтамасыз ету. Кітапта Қазақстанның дамуының қазіргі заманғы үрдістерін бейнелейтін ақпараттық-талдамалық, статистикалық деректер, инфографикалық материалдардың үлкен жиынтығы бар.




«ҚР ҰҒА академигі Қ.Ү. Медеубековтың Қазақстанның аграрлық ғылымын дамытуға қосқан үлесі» ғылыми конференциясының бағдарламасы. - Алматы: Ғылым ордасы, 2019. - 110 б.: сурет.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Қилыбай Үсенұлы Медеубеков артында ірі ғылыми мұраларды қалдырды, бірақ қазіргі заманғы зерттеушілер буыны оларды әлі толық ұғынған да, талдаған да жоқ және ғылым мен өмірде бәсекеге қабілетті жаңа нәтижелерге қол жеткізу мақсатында жүргізілетін ауқымды ғылыми зерттеулер.




Хамсин А.М. және т.б. Заманауи компьютерлік есептеулер және жобалау: оқу құралы / А.М. Хамсин, Н.Б. Адилова, З.Е. Мұхамбетжан, М.Ж. Ескалиев.-Алматы: Альманахъ, 2019. - 122 б.

Оқу құралында, жаңа материалды терең түсіну үшін және оны кәсіби бағдарланған тәжірибеде қолдана алу үшін, тақырыптар мен кешенді бағдарламаларды қолдану реті келтірілген.



Алмагамбетова М.Ж. Отындардың химмотологиясы: оқу құралы / М.Ж. Алмагамбетова, А.Г. Абдрахманова, Р.С. Бегалиева. - Алматы: Альманахъ, 2019. - 109 б.

Практикалық жұмыстарға қоса, оқу құралда химмотология негіздері мен отындардың сапасын анықтаудың физика-химиялық әдістері мазмұндалған. Іштей жану цилиндрлі қозғалтқыштарында бензин және дизельді отындардың жану ерекшеліктері қарастырылған. Эксплуатациялық материалдардың отандық және шетелдік маркировкасы және моторлы отындардың сапасын бағалау ұсынылады. Отындардың баламалы және жаңа түрлері (газ, сутегі, спирттер, биодизель) және отын шығынын азайту жолдары қарастырылған.



Камалова Г.А. Ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау: оқу құралы / Г.А. Камалова, Л.Б. Диярова. – Алматы: Альманахъ, 2019. - 116 б.

Оқу құралында ақпаратты қорғау әдістері, ақпараттық қауіпсіздік механизмдері, қауіпсіздік саясаты, ақпаратты криптографиялық қорғау, цифрлық қолтаңба технологиясы қарастырылған. Әрбір тарау дәрістерден және білім деңгейін бағалауға арналған бақылау сұрақтардан тұрады.




Төлегенова Д.К. Батыс Қазақстан өңірінің аймақтық экологиясы: оқу құралы / Д.К. Төлегенова, Л.Х. Суханбердина. – Алматы: Альманахъ, 2019. - 156 б.

Теориялық бөлімде аймақтық экологияға қатысты түсініктер, өңірдің элеуметтік-табиғи және экономикалық сипаттамасы, экологиялық мәселелерді зерделеу әдістері, сәйкесінше аймақтық экологияны дамытудағы заманауи үрдістер нақтылы дәлелдері қарастырылған. Батыс Қазақстан облысы мысалында аймақтағы табиғи мәселелерге қосымша негізгі экологиялық тұжырымдамалардың маңыздылығы жүйелі тұрғыда айтылады, нарықтық экономика тұсындағы табиғи ресурстарды сақтау, жеке субъектілер деңгейінде және аймақтық қауымдастық аясында экологиялық мәселелерді шешу айқындалған. Аймақтық экологияға байланысты өңірдің тұрақты даму мәселесі қарастырылған.



Төлегенова Д.Қ. Экологиялық ресурстар қоры: оқу құралы / Д.К. Төлегенова, Ж.М. Гумарова. - Алматы: Альманахъ, 2019. - 106 бет.

Оқу құралында қоршаған ортаны қорғаудың, табиғатты тиімді пайдаланудың, ресурстарды өндіру және ресурстарды сақтап қалу үдерісіндегі, өнеркәсіптік-тұрмыстық қалдықтарды сақтау және қоршаған ортаны қорғау міндеттеріне айрықша көңіл бөлінген. Сонымен бірге келесідей бөлімдер көрініс тапқан: ресурстану туралы ұғым; табиғатты пайдалану және оның әдістері; ресурс өндірісі мен ресурсты сақтау және оның экономикалық тиімділігі; екінші реттік ресурстар және оларды қолдану.




Насиев Б.Н. «Өсімдіктер карантині» оқу құралы / Б.Н. Насиев, М.А. Габдулов, Н.Ж. Жанаталапов. – Алматы: Альманахъ, 2019. - 147 б.

Оқу құралында өсімдіктердің карантиндік ауруларының қоздырғыштары, карантиндік зиянкестер мен арам шөптер туралы толық мәлімет берілген. Батыс Қазақстан облысының табиғи-климаттық жағдайына сәйкес мазмұндалған. Сонымен қатар, оқу құралында Батыс Қазақстан облысының табиғи-климаттық жағдайына сәйкес карантиндік объекттердің таралуы терең мазмұндалған.




Нуралин Б.Н. Материалдар кедергісі: оқу құралы / Б.Н. Нуралин, Е.М. Джаналиев. - Алматы. Альманахъ, 2019. - 323 б.

Оқу құралында статикалық, динамикалық және айнымалы-қайталанбалы күштер әсерінен пайда болатын орын ауыстыру және кернеу мөлшерлерін анықтауға арналған тәсілдер толық қарастырылған. Инженерлік есептерді шығаруда құбылыстың статикалық, физикалық және геометриялық жақтарын біріктіретін тәсілдер келтірілген. Оқу құралында тақырыптардың реті сұрақтардың қиындығына байланысты қарапайым түрінен күрделі түріне ауысу тәртібімен келтірілген.



Даупаев Қ. Тіл мәдениеті және стилистика: оқу құралы / Қ. Даупаев, Б.Каримова, К. Даупаева. - 3-басылым, толықт., өнд. - Астана: Фолиант, 2018.-160 б.


Оқулық тіл мәдениеті мен стилистиканың тілдік ерекшеліктерін қоғам дамуымен қарастырады. Аталған нысанның негізгі теориялық мәселелерін түсіндіре отырып, жаттығу, жазба жұмыстарымен бекітіледі. Осы тұрғыдан алғанда, оқулықтың тәжірибелік сипаты басым. Қазіргі қоғамға қажет іскерлік тіл оралымдары мен құрылымдарының жазбаша және ауызша үлгілерін қалыптастыруға арналған жұмыс түрлері мен пікірталас мәдениетін игертуге бағытталған сұрақтар мен тапсырмалар студенттердің өз бетімен дайындалуына мүмкіндік береді.



Захан С. Ауылшаруашылық өнімдерін стандарттау: оқу құралы / С. Захан. - Астана: Фолиант, 2018. - 184 бет.


«Ауыл шаруашылығы өнімдерін стандарттау» оқу құралында стандарттауға жалпы сипаттама, стандарттаудың заңнамалық және әдістемелік негіздері, сапа басқару жүйесі, сапаны мемлекеттік бақылау, қадағалау, халықаралық стандарттау ұйымдары және олардың қызметі қатарлы тақырыптар кеңінен қарастырылып қамтылған.

Сондай-ақ, ауылшаруашылық өнімдерін стандарттауға жеке тарау беріліп, негізгі азық-түлік өнімдерін стандарттаудың ерекшеліктеріне баса назар аударылған.



Сүйінкина Б. Кәсіптік қазақ тілі: оқу құралы. / Б. Сүйінкина. - Астана: Фолиант, 2019. - 280 бет.


Ұсынылып отырған оқу құралы арқылы орыс тілді студенттердің қазақша кәсіби тілін дамыту, мемлекеттік тілді білудің маңызын ашып көрсету, мұғалім мамандығына қажетті ең өзекті де қажетті мәліметтермен таныстыру, адамның жеке тұлға және маман ретінде қалыптасуына ықпал ету көзделді.



Жаңабаев Қ. Агрономия негіздері: Оқулық / Қ. Жаңабаев, С. Арыстанғұлов. - 3-басылым, толықт., өнд - Астана: Фолиант, 2019. - 232 б.

Оқулық егіншілік жүйелері мен оның заңдылықтары, агрохимия, мелиорация, өсімдік шаруашылығы және өсімдіктерді зиянды организмдерден қорғау негіздерінен, яғни ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің технологияларынан қысқаша мағлұматтар береді.

«Агрономия негіздері» оқулығы 1502000 - Агрономия мамандығына ҚР Білім және Ғылым министрлігі бекіткен техникалық және кәсіби білім берудің типтік оқу бағдарламасына сәйкесті жасалған. Оқулықта агрономия негіздері курсының құрамды бөліктері: топырақтану, егіншілік, өсімдік шаруашылығы, агрохимия, мелиорация, өсімдік қорғау мен дақылдардың өсіру технологиялары тараулары логикалық тізбекте берілген.



Әлібек Т. Халық әдебиеті және тарихи жад. Монография. - Алматы: 2018. - 284 бет.


Зерттеушінің бұл кезекті еңбегінде «Алпамыс батыр» эпосының шығу тегі, оның түркі халықтарындағы ұлттық нұсқаларының өзіндік ерекшеліктері, тарихи-типологиялық негіздері, тарихи аңыздар мен ауызекі әңгімелердің тарихылығы, Сүйінбай бастаған кейбір Жетісу ақындары шығармашылығының тарихи сипаты қарастырылады. Сондай-ақ қосымша бөлімінде автордың халық ақындарының мұраларына, сирек қорлардағы көне кітаптар мен қолжазбаларға қатысты зерттеулері енді.

**«Қазақстанды Үшінші жаңғыртудың әлеуметтік-мәдени аспектілері»:
монография**

**Ж.К. Әлімбетов, Р.Қ. Қадыржанов, А.Е. Ысқақов және басқалар;
Жалпы редакциясын басқарған Е.Ж. Бабақұмаров. - Астана: Еуразиялық
интеграция институты, 2018. - 216 б.**

Осы ұжымдық монографияда Қазақстанды одан әрі дамытудың векторын айқындайтын негізгі стратегиялық бастамалардың бірі ретінде Үшінші жаңғыртудың әлеуметтік-мәдени аспектілеріне арналған сараптамалық қорытындылар мен зерттеулердің нәтижелері берілген. Еңбекте жаңғыртудың қазіргі жағдайдағы жекелеген әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени-идеологиялық құрауыштары талданып, жаңғыртудың перспективалары мен қоғамның оған дайындығына, оның халық өмірінің сапасына әсеріне баға беріледі, жүргізіліп жатқан реформалардың табысты болуының іргелі талаптары айқындалады.

Монографияның негізіне Еуразиялық интеграция институты жүргізген әлеуметтанушылық зерттеулердің деректері алынған, олар халықтың жаңғырту процестерін қабылдау және қолдау дәрежесін объективті түрде бейнелейді және оның іске асырылуын қоғамның бағалауы мен күткендерін, сондай-ақ алуан түрлі статистикалық және талдамалық материалдарды біріктіреді.





Дәулетхан Ә. Өмірімнің арқауы — ел мен ерлер тарихы: публицистикалық, ғылыми-зерттеу мақалалар, жолжазбалар / Әлімғазы Дәулетхан. - Алматы: «Жания-Полиграф», 2018. - 424 б.

Тарих ғылымдарының кандидаты, танымал тарихшы, белгілі жазушы, журналист, саясаткер, тағдыр тәлкегін сан рет басынан өткізсе де мойымай, өзінің 75-жылдық ғұмырында шындық пен әділдік майданында қасқая қарсы тұрып, қазақ халқына, Теуелсіз Қазақстанның төл тарихына, ішкі-сыртқы саясатына, журналистикасы мен әдебиетіне өлшеусіз үлес қосып келе жатқан автордың бұл жинағына соңғы жиырма жылда жазған публицистикалық және қазақ елінің жаңа тарихына жаңаша көзқараспен қарау мәселелеріне қатысты ғылыми-зерттеу мақалалары мен өмірбаяндық эсселері, сұхбаттары мен әсерлі жолжазбалары топтастырылған.



Ә. Б. Дербісәлі. Мұхаммед Хайдар Дулати - көрнекті руханият және ғылым қайраткері: Монография - Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры, 2018. -160 б.

«Қазақстандық исламтану мектебін дамытуға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізу» тақырыбы бойынша грант аясында жарық көрген монографияның 1 томы

Кітап Қазақстан Республикасы Қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ жүргізген грант аясында жарық көріп отыр.




Жергілікті атқарушы органдар өкілдеріне арналған тренингтер (әдістемелік материалдар) / Жалпыред. З.К. Шаукенова. - Астана: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2018.- 146б.

Жинаққа «Қазақстанның әлеуметтік жаңғырту стратегиясы: жаңа құндылықтар, жаңа координаттар жүйесі, жаңа уақыт» атты Қазақстан әлеуметтанушыларының VI Конгресі (Астана, 27-28 қыркүйек 2018 ж.) аясында жергілікті атқарушы органдар өкілдеріне арналған тренингтердің әдістемелік материалдары енгізілген.



Жұманов Қ. Күкірт қышқылы өндірісі: Оқу құралы / Қ. Жұманов. - Астана: Фолиант, 2019. - 160 б.


Оқу құралында күкірт қышқылы өндірісінде қолданылатын шикізаттар мен дайын өнім - күкірт қышқылына қойылатын техникалық талаптар мен сипаттамалары, күкірт қышқылын алу әдістері мен технологиялық сұлбалары, қолданылатын қондырғылар мен олардың жұмыс істеу принциптері, технологиялық режимдері мен параметрлері келтірілген. Сонымен қатар күкірт қышқылы өндірісіндегі қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау мәселелері және зертханалық жағдайда күкірт қышқылын алу әдістемесі берілген.



Қазіргі заманғы Қазақстанды жаңғырту мәнмәтінінде өзгерістерді басқарудың қолданбалы аспектілері: әдістемелік құрал-практикум / авт.-құрастырушылар: А.А. Ерекешев, А. Е. Ысқақов; жалпы редакциясын басқарған Т. Б. Құлмұхамедов. - Астана: Еуразиялық интеграция институты, 2018. - 128 б.


Осы әдістемелік құрал-практикумде кәсіби құзыреттерді дамытудың, коммуникативтік саясатты жетілдірудің, өзгерістерді басқарудың озық тәсілдері, тәжірибелері мен құралдары жинақталған. Құралда кейстер мен әдістемелік ұсынымдар форматында менеджменттің жекелеген аспектілері бойынша, желілік емес коммуникацияның тиімді арналарын құрудың және ұйымдарды институционалдық трансформациялаудың циклдарын үйлестірудің заманауи теориялық-әдіснамалық және қолданбалы әзірлемелері мен техникалары берілген.

Құрал Еуразиялық интеграция институты өткізген халықаралық ғылыми конференциялар мен коммуникативтік семинар-тренингтердің материалдары мен нәтижелері негізінде құрастырылды.



Саркенова К. Батыс Қазақстанның ежелгі тарихы: халқы, орналасуы туралы зерттеулер. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2019. - 336 бет.

Бұл еңбекте автор Кіші жүз құрамындағы Байұлы бірлестігінің этностық тарихы мен ру-тайпалық қоныстануы жөнінде бұрын-соңды жазылған ғалымдардың еңбектеріне өз тұрғысынан талдау жасай отырып, сонымен бірге тың деректерге сүйенген жеке тұжырымдарын да ортаға салады. Автордың ғылыми айналымға қосылатын этногенездік, топономикалық көзқарастары мен пікірлері оқырманды қызықтырады сөзсіз.



Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері: Хрестоматия / Құраст. Қ. Келімбетов. - Алматы: Раритет, 2019. - 904 б.

ЮНЕСКО-ның Франц Кафка атындағы Халықаралық сыйлығының және Күлтегін атындағы сыйлықтың лауреаты, профессор Немат Келімбетовтің бұл кітабында түркі халықтарының әдебиет тарихында зерттеліп келе жатқан белгілі шығармалардың үзінді-үлгілері қамтылған. Хрестоматиялық еңбекте сақтар мен ғұндар дәуірінен бастап XVI ғасырға дейінгі кезеңдерде пайда болған әдеби шығармалар хронологиялық ретімен берілген.



Әкірамұлы С. Ұқыпты бала. Балаларға арналған өлеңдер. / Серік Әкірамұлы. - Алматы, 2019. - 76 бет.


Ақын Серік Әкірамұлының бұл кітабына балаларға арналған әртүрлі тақырыптағы, сан алуан мазмұндағы өлеңдер енген. Автор туындылары арқылы бүгінгі және келешек жас буынды ұлттық рухта, қазақы болмыста, өнегелі, білімді етіп тәрбиелеуге шақырады. Ұлттық құндылықтарды ұлықтап, ел мен жерді сүюге үндейтін өлеңдердің тілі жатық, мазмұны бай, тәрбиелік мәні, тағылымы мол.


Абдильдин Ж. Собрание сочинений. - Нур-Султан: Фолиант, 2019.- Т. XVI. - 480 стр.

В шестнадцатый том собрания сочинений академика НАН РК Ж.М. Абдильдина вошла его книга «Логика творческого мышления», в которой исследуется разумное, творческое мышление, принципиально отличающееся от рассудочного, субъективного понимания мышления. Суть творческого мышления заключается в том, что его универсальные законы являются одновременно универсальными законами природы и общества. Разумное, диалектическое мышление имеет большое методологическое значение в современной науке.

В работе также рассматриваются сущность и содержание диалектического конкретного понятия, отличающегося от абстрактно общего рассудочного понятия, проанализирована природа некоторых логических категорий.


В издание также вошла книга академика «Размышления о человеке, о нравственности и прекрасном», в которой статьи, заметки, размышления посвящены осмыслению проблемы человека, являющейся центральной как в истории философии, так и в современной философской науке, вопросу формирования человеческих духовных, нравственных ценностей, развития его чувственности, чувства прекрасного, душевной гармонии.





Актуальные вопросы взаимодействия науки, законотворчества и практики в реализации уголовной политики: Материалы международной научно-практической конференции, 7 декабря 2018 г. Ответственный редактор Мауленов К.С. д.ю.н., профессор. - Нур-Султан, 2019.-244 с.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции «Актуальные вопросы взаимодействия науки, законотворчества и практики в реализации уголовной политики», посвященной памяти Мауленова Газиза Сырбаевича доктора юридических наук, профессора, раскрываются актуальные проблемы реализации уголовной политики.



Евразийский обзор 2018: экономические, социальные и политические перспективы Евразии / Под ред. В. Сумер, Ж. Жаналтай, Д. Абен; Ун-т Ахмеда Ясави. - Алматы, 2019. - 294 с.

Данная книга предоставляет заинтересованной аудитории своевременный и детальный анализ событий, происходящих в странах евразийского региона, с экономической, международной, региональной и социально-политической точки зрения

Есырев О.В. Онегин и любовь / Есырев, Олег Викторович. - Алматы, 2019. - 238 с.





В книге представлены ответы на устоявшиеся вопросы, возникающие перед читающими «Евгения Онегина» и вызывающие до сегодняшнего дня разногласия среди литературоведов. Представленные в настоящем литературном исследовании решения вопросов сыграют существенную роль для раскрытия темы любви в романе. Дана цельная картина истории любви Татьяны и Онегина в финале, главной для данной темы части восьмой главы романа: описаны психологические картины встречи Онегина и «прежней» Татьяны в будуаре княгини и их поведения. Предложено новое объяснение монолога Татьяны. Раскрыто значение строки финала - «А счастье было так возможно, / Так близко!..» Объяснено молчание Онегина во имя спасения жизни Татьяны, ценой потери собственного счастья. Становится понятным почему Татьяна отвергла Онегина, ценой потери собственного счастья. Любовь Татьяны и Онегина остается безответно трагической и вдохновляющей в веках. Раскрыты психологические тонкости истории любви героев Татьяны, Онегина, Ленского и Ольги по главам романа. Книга привлечет критическое внимание специалистов и всех кто любит пушкинский роман в стихах.


Социокультурные аспекты Третьей модернизации Казахстана: монография / Ж. К. Алимбетов, Р.К. Кадыржанов, А.Е. Искаков и др.; под общ. ред. Е.Ж. Бабакумарова. - Астана: Институт Евразийской интеграции, 2018. - 216 с.

В настоящей коллективной монографии представлены экспертные заключения и результаты исследований, посвященных социокультурным аспектам Третьей модернизации как одной из ключевых стратегических инициатив, определяющих вектор дальнейшего развития Казахстана. В работе анализируются отдельные социальные, экономические, политические и культурно-идеологические составляющие модернизации в современных реалиях, оцениваются перспективы и потенциал модернизации и готовность общества к ней, ее влияние на качество жизни населения, определяются фундаментальные условия успешности проводимых реформ.

В основе монографии лежат данные социологических исследований, проведенных Институтом Евразийской интеграции, которые объективно отражают степень восприятия и поддержки населением процессов модернизации и агрегируют совокупность общественных оценок и ожиданий от ее реализации, а также различные статистические и аналитические материалы.


Библиография изданий Национальной академии наук Республики Казахстан: Библиографический указатель / Сост.: Т.В. Вдовухина, Г.И. Бельгибаева. Библиогр. ред.: Т.В. Вдовухина, А. Бегимбаева. - Алматы: Центральная научная библиотека РГП «Ғылым ордасы», 2019. - 376 с.






Дулатов Ы.Д. Коррупционные и иные уголовные правонарушения против интересов государственной службы и государственного управления; учебное пособие. - Алматы, 2019. - 104 с.

Настоящее учебное пособие включает основные темы «Коррупционные и иные уголовные правонарушения против интересов государственной службы и государственного управления», изучаемые в рамках Особенной части Уголовного права Республики Казахстан, с учетом уголовного законодательства РК, современной научной и учебной литературы.




Баймуканов А.Б., Баймуканов Д.А., Семенов В.Г. Межвидовая гибридизация верблюдов // Монография.- Чебоксары: ООО «Крона-2», 2019.- 195 с.

В монографии впервые представлены данные авторов по межвидовой гибридизации верблюдов породы казахский бактриан, дромедар породы Арвана и казахский дромедар, разводимых в условиях Юго-Западного региона Казахстана. Представлен обширный научный материал по ведению межвидовой гибридизации верблюдов, с использованием двухпородного и трехпородного ротационного межвидового скрещивания.



Каракулов Б.И. Музыкальная симметрология / Под ред. И.К. Кожобекова. - Алматы: «СаГа», 2019. - 288 С.

В первый том книги замечательного ученого - доктора искусствоведения, профессора Булата Ишанбаевича Каракулова (1942-2014) - вошли монография «Теория групп и музыкальные структуры» и избранные статьи. Каждая из этих научных работ - есть прорыв, шаг в неизведанное, и, как отмечает составитель книги Ильяс Кененбаевич Кожобеков, «в каждой из них открываются новые грани симметрии в музыке, а вместе они создают развернутую ее панораму», завораживающую панораму гармонии всего сущего вокруг нас.



Прикладные аспекты управления изменениями в контексте модернизации современного Казахстана: методическое пособие-практикум / авт.-сост. А. А. Ерекешев, А.Е. Искаков; под общ. ред. Т. Б. Кульмухамедова. - Астана: Институт Евразийской интеграции, 2018. - 128 с.

В настоящем методическом пособии-практикуме агрегированы передовые подходы, практики и инструменты развития профессиональных компетенций, совершенствования коммуникативной политики, управления изменениями. В пособии в формате кейсов и методических рекомендаций представлены современные теоретико-методологические и прикладные разработки и техники по отдельным аспектам менеджмента, построения эффективных каналов нелинейных коммуникаций и координации циклов институциональной трансформации организаций.

Тюрко-монгольский мир: история и культура. Материалы международной научной конференции, посвященной 90-летию со дня рождения С.Г. Кляшторного / отв. ред. и сост. Т.Д. Скрынникова; Ин-т восточных рукописей (Азиатский Музей) РАН. - М.: Наука-Вост. лит., 2019. - 239 с.

Сборник включает материалы конференции, посвященной 90-летию со дня рождения Сергея Григорьевича Кляшторного (1928-2014), видного российского тюрколога, профессора ряда российских и зарубежных университетов, внесшего значительный вклад в изучение истории и культуры тюркских и монгольских народов. В статьях обсуждаются актуальные проблемы истории, литературы, языков тюркских и монгольских народов, которые входили в круг интересов С.Г. Кляшторного. Охватывается широкий круг вопросов: от философии истории до конкретных аспектов многостороннего изучения жизни тюркских и монгольских народов, показаны различные методы исследования и подходы к рассмотрению актуальных проблем современности.



Русско-англо-казахский словарь геологических терминов / Байбатша А.Б., Бекботаев А.Т., Удербает А.Ж. – Алматы: издательство «Қазақ тілі», 2019. -с 432.

В словаре даны термины, охватывающие все направления геологии на трех (русском, английском, казахском) языках. Его отличие от ранее изданных терминологических словарей, здесь сокращено количество терминов, которые теряют значения и в настоящее время выходят из оборота, и включены новые термины, которые появились в связи с развитием науки и образования. Словарь вносит свою лепту в развитие казахской терминологии, в том числе в терминографию геологии и смежных с ней отраслей наук, а также является очень полезным пособием в подготовке трехязычных специалистов в области геологии и недропользования.

